

Жұмсақ, ағартылған балауыз – тегіс декоративті жабындарды қорғауға арналған. Оңай жылтыратылады. Су өткізбейтін қасиетке ие. Жылтырлық деңгейі жібектей жұмсақтан жоғары жылтырға дейін өзгеріп отырады.

## БЕТТІ ДАЙЫНДАУ

Бет құрғақ, таза және тегіс екеніне, сондай-ақ барлық алдыңғы декоративті қабаттардың толық құрғағанына көз жеткізіңіз. Қорғаныш қабатын жағар алдында декоративті жабынды кемінде үш күн толық кептіріп, тұрақтандыру ұсынылады.

## СҮРТУ

Қабат жұқа және біркелкі болуы тиіс. Балауыз неғұрлым көп ысқыланып, жылтыратылса, жабын соғұрлым айқынырақ жылтыр алады.

**!** Жағу температурасы  $+10^{\circ}\text{C}$  төмен болмауы керек.  
Құралдар Уайт-спиритпен тазартылады.

### 1-НҰСҚА

Жағуды жеңілдету үшін балауызды су моншасында еріту керек. Таза шүберекті батырып, артық мөлшерін сығып, бетке жағып ысқылау қажет, содан кейін таза жұмсақ шүберекпен немесе қолғаппен жылтырату керек. Қатқаннан кейін жылтыратқыш машинамен немесе полировкаға арналған губкалармен қосымша жылтыратуға болады.

### 2-НҰСҚА

Балауызды Уайт-спиритпен сұйылтып, төмен айналымдағы миксермен араластыру керек. Сұйылту пропорциясы 20-50% аралығында болады және балауыздың қоюлығына байланысты анықталады.